



ТОҢАЗЫТҚЫШ- МҰЗДАТҚЫШ

ТОҢАЗЫТҚЫШ-МҰЗДАТҚЫШТЫ ІСКЕ ҚОСАР
АЛДЫНДА ОСЫ НҰСҚАУДЫ МҰҚИЯТ ОҚЫП,
ТАНЫСУҢЫЗДЫ СҰРАЙМЫЗ ЖӘНЕ ҚАЖЕТ
БОЛҒАНДА ҚАРАП ОТЫРУ ҮШІН ӘР ҚАШАНДА
ҚОЛЫҢЫЗДА БОЛСЫН


ХОЛОДИЛЬНИК- МОРОЗИЛЬНИК РУКОВОДСТВО ПОЛЬЗОВАТЕЛЯ

ПОЖАЛУЙСТА,
ТЩАТЕЛЬНО ПРОЧТИТЕ ДАННОЕ РУКОВОДСТВО
ПОЛЬЗОВАТЕЛЯ ПЕРЕД НАЧАЛОМ ЭКСПЛУАТАЦИИ
ХОЛОДИЛЬНИКА И ДЕРЖИТЕ ЕГО ПОД РУКОЙ, ЧТОБЫ
ВЫ ВСЕГДА МОГЛИ К НЕМУ ОБРАТИТЬСЯ В СЛУЧАЕ
НЕОБХОДИМОСТИ.

P/NO. 3828JD8216L

МАЗМҰНЫ

ОРНАТУ	3
СИПАТТАМАЛАР КЕСТЕСІ	4
ПАЙДАЛАНУ	5
Іске қосу	
Температураны реттеу	
Мұз жасау	
Суытылған камера	
Еріту	
Дезодоратор(міндетті емес)	
Ұзақ инфрақызыл сәулелі шам(міндетті емес)	
ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ АСІГІН АШЫЛУ	
ЖАҒЫН ӨЗГЕРТУ	9
АЛДЫН АЛА ЖҮРГІЗЕТІН САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ	
ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ ЕСІГІНІҢ АШЫЛУ	
БАҰЫТЫН ӨЗГЕРТУ	
ТАМАҚ ӨНІМДЕРІН САҚТАУ	
ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТЕР	11
ТАЗARTU	12
ЖАЛПЫ АҚПАРАТТАР	12
ШАМДЫ АУЫСТЫРУ	13
МАҢЫЗДЫ АЛДЫН АЛА	
ЕСКЕРТУЛЕР	13
СЕРВИС ОРТАЛЫҒЫНА ӨТІНІШ	
ЖАСАМАС БҰРЫН	14



Осы құрылғының пайдалану мерзімі тұтынушыға жеткізген күнінен бастап 7 жылды құрайды.

БҰЛ ТОҒАЗЫТҚЫШ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕРЕКШЕ МҰҚИЯТ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ШЫҒАРЫЛҒАН. СІЗ ОНЫҢ ЖҰМЫСЫНА ЖӘНЕ СЕНІМДІЛІГІНЕ РАЗЫ БОЛАТЫНДЫҒЫҢЫЗҒА БІЗ СЕНІМДІМІЗ. ӨЗ ТОҒАЗЫТҚЫШЫҢЫЗДЫ ПАЙДАЛАНАР АЛДЫНДА ОСЫ БУКЛЕТТІ КӨҢІЛ ҚОЙЫП ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ. БУКЛЕТТЕ ОРНАТУ, ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ НАҚТЫ НҰСҚАУЛАР ЖӘНЕ БАСҚА ДА ПАЙДАЛЫ КЕҢЕСТЕР БЕРІЛГЕН.


ОРНАТУ

1. Дұрыс орынды таңдап алыңыз. Өз тоғазытқышыңызды пайдалануға ыңғайлы орынға қойыңыз.
2. Тоғазытқышты жылу көздерінің қасына, тікелей күн сәулесі түсетін және ылғалдылығы жоғары жерге қоймаңыз.
3. Тиімді жұмыспен қамтамасыз ету үшін Сіздің тоғазытқышыңыздың айналасында ауа айналымы жеткілікті болуға тиіс. Егер Сіздің тоғазытқышыңыз қабырғадағы қуысқа орнатылса, тоғазытқыштың үстінде кемінде 10 дюйм және тоғазытқыш пен қабырғаның арасында 2 дюйм бос кеңістік қалуға тиіс. Тоғазытқыш, әсіресе, егер ол кілемнің үстінде орнатылса, ол еденнен 1 дюйм жоғары орнатылуға тиіс.
4. Тербелісті болдырмау үшін тоғазытқышты түзету қажет. Қажеттілігіне қарай, еден бетінің тегіс еместігін жөндеу үшін орнату бұрандаларын реттеңіз. Есіктің жабылуын жеңілдету үшін тоғазытқыштың алдыңғы жағы артқы жағына қарағанда шамалы биіктеу болуға тиіс.
Орнату бұрандаларын корпусты ақырын еңкейтіп жеңіл бұрауға болады. Тоғазытқышты көтеру үшін, орнату бұрандаларын сағат тілінің бағытымен (↻), түсіру үшін - сағат тілінің бағытына қарсы (↺) бұрыңыз.
5. Тоғазытқышты температурасы 10°C және 43°C аралығындағы бөлмеде орнатыңыз. Бөлмедегі өте төмен немесе өте жоғары температура тоғазытқыштың суытқыш қабілетін төмендетуі мүмкін.

СОДАН СОҢ

1. Тоғазытқышыңызды мұқият тазартыңыз және тасымалдау кезінде жиналған барлық шаңды сүртіңіз.
2. Барлық жинақтаушы бөлшектерді, мысалы, мұз текшелеріне арналған бөлімді және т.б. өз орнына орнатыңыз. Тасымалдау кезінде ықтимал зақымдануды болдырмау үшін жинақтаушы бөлшектері бірге оралған.
3. Сіздің үлгіңізде енсіз жолақ түріндегі тұтқа қарастырылған. Тұтқаны жұмыс операцияларының картасына сәйкес орнатыңыз.
4. Ток көзіне қосу сымын (немесе қосу шанышқысын) электр розеткасына қосыңыз. Бірнеше электр приборларын бір электр розеткасына қоспаңыз.
5. Тоғазытқышқа тамақ өнімдерін салар алдында оны 2-3 сағаттай ток көзіне қосып қойыңыз. Суытудың қалыпты екендігіне көз жеткізу үшін мұздатқыш камерадағы суық ауа ағынын тексеріңіз. Енді Сіздің тоғазытқышыңыз пайдалануға әзір.

СИПАТТАМАЛАР КЕСТЕСІ



ПАЙДАЛАНУ


ІСКЕ ҚОСУ

Тоңазытқыш орнатылғаннан кейін оған мұздатылған және жаңа тамақ өнімдерін салар алдында, қалыпты жұмыс температурасын тұрақтандыру үшін оны 2-3 сағатқа қалдырыңыз.

Егер тоңазытқыштың жұмысы тоқтап қалса, қайталап қосу алдында 5 минуттей күте тұрыңыз.


ТЕМПЕРАТУРАНЫ РЕТТЕУ

□ ТОҢАЗЫТҚЫШ



- Сіздің тоңазытқышыңызда мұздату және тоңазыту камераларындағы температураны реттеуіңізге көмектесетін екі реттегіш бар.
- Алдымен TEMP.CONTROL-ды “5”-ке және COLD AIR CONTROL-ды “5”-ке қойыңыз. Тұрақтандыру үшін тоңазытқышты 24 сағат (тәулік) жұмыс істеуге қалдырыңыз. Содан соң камерадағы температураны Өзіңіздің қалауыңызға сәйкес реттеңіз.

□ МҰЗДАТҚЫШ КАМЕРА



- TEMP.CONTROL-1,2,3,4,5,6,7,8,9 Сан неғұрлым көп болса, тоңазытқыш камерадағы температура соғұрлым төмен болады.

- COLD AIR CONTROL-1,2,3,4,5,6,7,8,9

“9”-ға қойған кезде, мұздатқыш камерадағы температура төмендейді. Алайда, тоңазытқыш камераға суық ауа аз түсетін болғандықтан ондағы температура жоғарылайды.

- **Ауа райы суық болғанда** тоңазытқыш аз жұмыс істейді де, мұздатқыш камерада жылылық белгісі байқалады.

Мұздатқыштағы температураны төмендету үшін COLD AIR CONTROL реттегішін “7”-“9”-ға бұраңыз.

- **Егер Сіз мұздатқышқа өте көп тамақ өнімдерін салсаңыз немесе оның есікшесін жиі ашатын болсаңыз,** мұздатқыштағы температура шамалы көтеріледі. Температураны төмендету үшін, COLD AIR CONTROL реттегішін “7” және “9” арасына қойыңыз. Электр энергиясын пайдалануды төмендету үшін COLD AIR CONTROL реттегішін бастапқы қалпына келтіріңіз.

- **Ауа райы ыстық күндері, немесе тоңазытқыш камераға Сіз өте көп тамақ өнімдерін салатын болсаңыз,** тоңазытқыш камерада жылылық белгісі байқалады.

Температураны төмендету үшін, COLD AIR CONTROL реттегішін “2”-“4” жағдайына қойыңыз, суыту бөліміне суық ауаны көбірек бағыттау үшін TEMP.CONTROL реттегішін “8”-“9” жағдайына қойыңыз.

Егер Сіз COLD AIR CONTROL “7”-“9”-ға қойсаңыз, тоңазытқыш камераның температурасы жеткілікті түрде төмен болмайды.

ПАЙДАЛАНУ

МҰЗ ЖАСАУ

Сіздің тоңазытқышыңызда мұз жасаушы екі аппараттың қай түрі: әдеттегі түрі ме әлде мұзға арналған аудармалы науа қолданылатынын тексеріңіз.




Әдеттегі түрі

- Мұз текшелерін алу үшін мұзға арналған науаға су толтырыңыз да оны мұздатқыш камерадағы мұз текшелеріне арналған бөлімге қойыңыз.
- Мұз текшелерін шығарып алу үшін науаны шетінен ұстаңыз да абайлап аударыңыз.



Мұзға арналған аудармалы науа түрі


- Мұз текшелерін алу үшін мұзға арналған науаға су толтырыңыз да, оны өз орнына қойыңыз.
- Мұз текшелерін шығарып алу үшін науадағы тұтқасынан ұстап, оны абайлап бұраңыз. Мұз текшелері оларға арналған бөлімге түседі.
- (егер сөре металдан жасалған болса) Сөрені жоғарырақ жылжыту үшін алдымен мұзға арналған бөлімді шығарып алыңыз, содан соң мұзға арналған бөлімді бұрынғы орнына қойыңыз.
- Сіз мұздатқыш камерада орын көп болу үшін мұзға арналған бөлімді алып тастай аласыз.
- Алдымен мұзға арналған науаны және мұз текшелеріне арналған бөлімді шығарып алыңыз, содан соң оңға қарай оны жылжыта отырып корпусы шығарып алыңыз.



ПАЙДАЛАНУ

СУЫТЫЛҒАН КАМЕРА

Сіз есікшені ашқан кезіңізде, жылы ауа шикі еттің жағдайына әсер етпейді. Сөйтіп, Сіз бұл камерада тамақ өнімдерін жаңа күйінде сақтай аласыз.



ЕРІТУ


- Еріту автоматты түрде жүреді.
- Ерітілген су тоңазытқыштың алдыңғы бөлігіне қарағанда төменірек орнатылған артқы бөлігінде орналасқан булағыш науаға ағады, содан кейін автоматты түрде буланады.

ДЕЗОДОРАТОР(МІНДЕТТІ ЕМЕС)


- Иісті кетіру катализаторды пайдалану арқылы қамтамасыз етіледі.
- Жаңа тамақ өнімдеріне арналған камерадағы тамақ өнімдерінің жағымсыз иісі Сізге немесе тамақ өнімдеріне зиян келтірмей кетеді.

Қалай пайдалану керек

- Катализатор жаңа тамақ өнімдеріне арналған камерадағы суық ауаға арналған шығу саңлауында орналасқандықтан реттеудің қажеті жоқ.
- Суық ауаға арналған шығу саңлауын өткір заттармен тесіп алмаңыз, себебі бұл иіс кетіретін катализаторды зақымдауы мүмкін.
- Күшті иісі бар тамақ өнімдерін сұрыптау кезінде оларды ораңыз да оларды қақпағы бар контейнерде сақтаңыз, өйткені иіс басқа тамақ өнімдеріне де ауысуы мүмкін.



- Дезодораторды шығарып алу үшін, суретте көрсетілгендей ішкі саңлауына Сіз (-) түрдегі бұрағышты қойғаннан кейін, оны алға қарай тартып тұрып шығарыңыз.



ПАЙДАЛАНУ


ҰЗАҚ ИНФРАҚЫЗЫЛ СӘУЛЕЛІ ШАМ (МІНДЕТТІ ЕМЕС)

Сипаттама

- Ұзақ инфрақызыл сәулелі шам сәулелендіретін ұзақ инфрақызыл сәулелер тамақ өнімдерінің кеуіп кетуін болдырмайды және олардың түрлерін өзгертпей сақтайды.
- Нуклеин қышқылының мөлшерін ұлғайта отырып ұзақ инфрақызыл сәулелер сонымен қатар, ұзақ уақыт бойы тамақ өнімдерінің иісін сақтап тұрады.

Тамақ өнімдерін неғұрлым тиімді түрде сақтау.

- Тамақ өнімдерін мысалы, қантты немесе тұзды дәмдеуіштерсіз сақтаған жөн. Тамақ өнімдерін төменгі температурада; шикі дайындалмаған өнімдерді, жылтылмаған және зарарсыздандырылған түрде сақтау қажет.



-(Кесілген тілмелер): шикі балық, ет, құс еті және т.б.

- Тамақ өнімдерінің бұзылуын және шектен тыс ферментациялануын болдырмайтын ұзақ инфрақызыл, сәулелердің көмегімен тамақ өнімдерінің бастапқы дәмдерін сақтаған жөн.

- Дәм-татымдыры бар көкөністер, йогурттар және т.б.

- Сәйкес келмейтін тамақ өнімдерін мұздатқышта дайындалған тамақ өнімдерімен бірге сақтау керек, әйтпесе олар тез бұзылады.


- Пісірілген жұмыртқа, бамбук өркендері, дәмдеуіштерге арналған көкөністер және т.б.

Жұмыс

- Тоңазытқыш жұмыс істей бастаған кезде ұзақ инфрақызыл сәулелер шамы қосылады. Тоңазытқыш жұмыс істеген кезде шамның қосылуы мен ажыратылуын тоңазытқыштың ішіндегі температура автоматты түрде бақылайды.

Сондықтан ұзақ инфрақызыл сәулелер шамын реттеудің қажеті жоқ.

- Ұзақ инфрақызыл сәулелер шамы шамның әсер етуін төмендету үшін арнайы жабынмен жабылған.
- Егер ұзақ инфрақызыл сәулелер шамы жабық болса, оның әсер етуі төмендейді.
- Егер винильді жабынмен немесе орағыш қағазға оралған тамақ өнімдерін қақпағы бар контейнерде сақтамаса, ұзақ инфрақызыл сәулелер шамының тамақ өнімдеріне әсер етуі жақсы болады.
- Егер Сіз ұзақ инфрақызыл сәулелер шамының әсерін тексергіңіз келсе, шамға тиіспеңіз, себебі Сіз шамның ыстық бетіне қолыңызды күйдіріп алуыңыз мүмкін.




- Ұзақ инфрақызыл сәулелер шамына жұмыс істеп тұрған кезде тиіспеңіз, Сіз шамның ыстық бетіне қолыңызды күйдіріп алуыңыз мүмкін.

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ АСІГІН АШЫЛУ ЖАҒЫН ӨЗГЕРТУ

- Есікті тоңазытқыштың барлық үлгісінде алмастырып орнатуға болады


АЛДЫН АЛА ЖҮРГІЗЕТІН САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

1. Тоңазытқыштың есігін басқа жаққа қарап ашылатындай етіп есіктің топсасын ауыстырып орнатар алдында, ішіндегі барлық азық тұлкіті, алынып салынатын сөре, табақша сияқты барлық бөлшектері түгелдей алынып қойылуы керек.
2. Болттар мен винттерді бұрау үшін “+” түріндегі отвертка мен айналдыру момнеті шектеулі гайкалық кілттерді, болмаса қәдімгі қарапайым гайкалық кілттерді пайдаланыңыз.
3. Тоңазытқыштың есігінің төменгі топсасын алып немесе салып, болмаса биіктігі өзгермелі сирақты құрастырып жатқанда тоңазытқышты құлатып алмаңыз. Абай болыңыз! Тоңазытқышты еденге жатқызбаңыз, әйтпесе істен шығып қалады.
4. Мұздатқыш пен тоңазытқыш камераларының есіктерін - топсаларын құрастырып тартқанда жерге түсіріп алмаңыз. Орнатылатын орынына байланысты, болмаса иесінің қалауына сәйкес тоңазытқыштың есіктерін оңға, болмаса солға ашылатындай етіп орнатуға болады.




ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ ЕСІГІНІҢ АШЫЛУ БАҒЫТЫН ӨЗГЕРТУ (есік сол жаққа емес, оң жаққа ашылсын десеңіз)


1 Қақпағын алып **1**, топсаны суырыңыз **2**




2 Мұздатқыш камераның есігін алыңыз **3**



3 Ортаңғы топсаны алып **4**, тоңазытқыш камерасының есігін алыңыз **5**




4 Төменгі топсаны алыңыз **6**




ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ АСІГІН АШЫЛУ ЖАҒЫН ӨЗГЕРТУ


5 Биіктігі өзгермелі топсаны басқа, қарсы жаққа ауыстырыңыз **7**




7 Қалпақ **8** пен қапсырма **9** шегені тоңазытқыш камераның есігінің басқа жағына ауыстырыңыз.




9 Есіктің тежегіш **10** тетігін қарсы жаққа ашылатын есікке сәйкестеп орнатыңыз.




11 Жоғарғы топсаның бекіту штифтің **11** қарсы жаққа ауыстырыңыз.




6 Төменгі топсаны **6** басқа қарса жаққа бекітіңіз




8 Қалпақ **10** пен ортаңғы топсаны **4** басқа, қарсы жаққа орнатыңыз.



10 Қалпақты **10** қарсы жаққа ауыстырып, мұздатқыш камерасының есігін **3** орнатыңыз.



12 Жоғары топса **2** мен қаппағын **1** орнатыңыз.



ТАМАҚ ӨНІМДЕРІН САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТЕР

ТАМАҚ ӨНІМДЕРІН САҚТАУ

- Жаңа тамақ өнімдерін тоңазытқыш камерада сақтаңыз. Тамақтың жаңа күйінде және дәмінің сақталуы көбінесе олардың қалай мұздатылғанына және ерітілгеніне байланысты болады.
- Банан, ананас және қауын сияқты тез бұзылатын тамақ өнімдерін төменгі температурада сақтамаңыз.
- Тоңазытқышқа қояр алдында олардың суығанын күтіңіз. Тоңазытқышқа қойылған ыстық тамақ өнімдері басқа тамақ өнімдерін бүлдіруі мүмкін және электр энергиясын пайдалануды жоғарылатады!
- Сақтаған кезде тамақ өнімдерін винильді жабынмен ораңыз немесе жабық контейнерге салыңыз. Бұл ылғалдың булануын болдырмайды және тамақ өнімдерінің қоректік құндылығы мен дәмін сақтауға көмектеседі.
- Ауа қақпақтарын тамақ өнімдерімен жаппаңыз. Суық ауаның біркелкі ағыны тоңазытқыштағы температураны бірдей етіп ұстайды.
- Есікшені жиі ашпаңыз. Есік ашық тұрғанда тоңазытқышқа оның ішіндегі температураның көтерілуіне әкелетін жылы ауа түседі.
- Тоңазытқыштағы температураны жеңіл бақылау үшін тамақ өнімдерін температураны реттеу шкаласының жанында сақтамаңыз.

МҰЗДАТҚЫШ КАМЕРА

- Шөлмектерді мұздатқыш камерада сақтамаңыз. Мұздатылған кезде олар сынып кетуі мүмкін.
- Ерітілген тамақ өнімдерін қайталап мұздатпаңыз. Бұл тамақ өнімдерінің қоректік құндылығы мен дәмінің жоғалуына әкеліп соғады.
- Мұздатылған тамақ өнімдерін ұзақ мысалы, балмұздақты, сақтаған кезде, оларды есікшедегі сөрелерде емес, мұздатқыштың сөресінде сақтаңыз.

ТОҢАЗЫТҚЫШ КАМЕРА

- Ылғалы көп тамақ өнімдерін тоңазытқыштың алыс ішкі сөрелеріне қоймаңыз, себебі олар салқындатылған ауамен тікелей жанасу кезінде қатып қалуы мүмкін. Мұны болдырмау үшін тамақ өнімдерін жабық контейнерлерде сақтаңыз.
- Тоңазытқышта сақтар алдында тамақ өнімдерін әрқашан жуыңыз. Көкөністер мен жемістерді жуып, сүрту қажет, ал оралған тамақ өнімдерін басқа тамақтар бұзылып кетпес үшін сүрту қажет.
- Жұмыртқаны соған арналған сөреде сақтау үшін олардың жаңа екеніне көз жеткізіңіз және олар ұзақ сақталуы үшін оларды әрқашан тік жағдайда сақтаңыз.

- Егер Сіз тоңазытқышты ылғалдылығы және температурасы жоғары жерге орнатсаңыз, есікшені жиі ашатын болсаңыз немесе тоңазытқышта көп көкөністі сақтайтын болсаңыз, онда ылғал жинақталып қалуы мүмкін. Бұл тоңазытқыштың жұмыс тиімділігіне әсер етпейді. Тамшыларды керек емес матамен кетіріңіз.

ТАЗАРТУ

Жағымсыз иістердің пайда болуын болдырмау үшін Сіздің тоңазытқышыңызды таза жағдайда ұстау маңызды. Төгілген тамақтарды тез арада сүртіп алу керек, олай болмаған жағдайда тоңазытқыштың пластикалық беті тотығады да онда дақтар қалып қояды.

Металл шөткелерді, түрпілі материалдарды немесе күшті сілтілі ерітінділерді кез келген үстіңгі беттерді жууға ешқашан пайдаланбаңыз.

Жуар алдында ылғалды заттар өте суық бетке жабысып қалатынын есіңізде ұстаңыз. Тоңазытқыштың мұздатылған үстіңгі бетіне дымқыл немесе ылғалды қолыңызды тигізбеңіз.

СЫРТЫНАН – Жұмсақ сабынның немесе жуғыш заттың жылы ерітіндісінің көмегімен тоңазытқышыңыздың металл корпусын жуыңыз. Таза ылғалды матамен ысқылап және құрғатып сүртіңіз.

ІШІНЕН – Ішкі беттерін және бөлшектерін

жүйелі түрде тазартып тұру ұсынылады. Барлық камераларды ас содасының ерітіндісімен жуыңыз. Сумен шайыңыз да құрғатып сүртіңіз.

ІШКІ БӨЛШЕКТЕРІ: - Жұмсақ жуғыш заттың немесе ас содасының және жылы судың ерітіндісімен камерадағы, есікшелердегі сөрелерді, магнитті есікшелердегі легендерді және төсеніштерді жуыңыз. Сумен шайыңыз және құрғатып сүртіңіз.

АЛДЫН АЛА ЕСКЕРТУ

Электр бөлшектерінің (шамдар, ажыратқыштар, басқару приборлары және т. б.) қасында жууды бастамас бұрын ток көзіне қосу сымын әрқашан электр розеткасынан шығарыңыз. Қысқа тұйықталуды туғызуы мүмкін электр бөлшектеріне ылғалдың түсуін болдырмау үшін ылғалдың артық мөлшерін ысқышпен немесе матамен сүртіп кетіріңіз. Тез тұтанғыш немесе улы жуғыш заттарды пайдаланбаңыз.

ЖАЛПЫ АҚПАРАТТАР

ДЕМАЛЫС КЕЗІ

Ұзақтығы орташа демалыс кезінде Сіз тоңазытқышты қосылған күйінде қалдыру керек деп санауыңыз мүмкін. Жақсы сақталу үшін мұздатқышқа мұздатылатын тамақ өнімдерін салыңыз. Егер Сіз ұзақ уақыт бойы болмайтын болсаңыз, тоңазытқыштан тамақ өнімдерін алыңыз, ток көзіне қосу сымын ажыратыңыз, тоңазытқышты мұқият жуыңыз да жағымсыз иістің пайда болуын болдырмау үшін есігін АШЫҚ қалдырыңыз.

ЕГЕР СІЗ КӨШЕТІН БОЛСАҢЫЗ

Тоңазытқыштың ішіндегі барлық бекітілмеген бөлшектерін сенімді бекітіңіз немесе шығарып алыңыз. Орнату бұрандаларын зақымдап алмас үшін оларды тұғырына толық бекітіңіз.

ТОК КӨЗІНДЕГІ ІРКІЛІС


Ток көзіндегі іркілістер көпшілік жағдайда бір немесе екі сағаттың ішінде түзетіледі

және Сіздің тоңазытқышыңыздағы температураға әсер етпейді. Алайда, ток көзі ажыратылған кезде Сіз тоңазытқыштың есікшесін сирек ашуыңыз керек. Егер ток көзінің іркілістері ұзаққа созылатын болса, құрғақ мұздың кесегін мұздатылған тамақ өнімдерінің үстіне салыңыз.

АНТИКОНДЕНСАЦИЯЛ-ЫҚ ТҮТІК


Тоңазытқыштың сыртқы қабырғасы кейде, әсіресе, орнатқаннан кейін бірден қызып кетеді. Абыржымаңыз. Бұл тоңазытқыштың сыртқы қабырғасына ылғалдың бөлінуін болдырмау үшін жылытылған суық агентті қайта айдайтын антиконденсациялық түтіктен болады.

Антиконденсациялық түтік



ШАМДЫ АУЫСТЫРУ

1. Ток көзіне қосу сымын электр розеткасынан суырыңыз.
2. Тоңазытқыш камерадағы сөрелерді алыңыз.
3. Шамның қақпағын ашыңыз, бұрағышты шамның қақпағының төменгі саңлауына қойыңыз да, оны алға тартыңыз.
4. Шамды сағат тіліне қарсы бұрыңыз. Шамды кері тәртіппен қойыңыз. Шамда бастапқы орнатылған шамның ерекшеліктері болуға тиіс.



МАҢЫЗДЫ АЛДЫН АЛА ЕСКЕРТУЛЕР

ҰЗАРТҚЫШТЫ ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ

Мүмкіндігінше, тұрмыстық жарық бергіш приборларды және бірнеше электр приборларын бір электр розеткасына қосудан желіге артық жүктеме түспес үшін тоңазытқышты жеке электр розеткасына қосыңыз.

ТОК КӨЗІНЕ ҚОСУ СЫМЫН АУЫСТЫРУ

Егер жинаққа кіретін ток көзіне қосу сымы зақымданған болса, оны шығарушы немесе оның сервистік агенті жеткізген арнайы сыммен ауыстыру қажет.

ЖЕРГЕ ҚОСУ ЖӨНІНДЕ

Қысқа тұйықталу жағдайында жерге қосу тоқты бұру үшін қосымша өткізгіштің көмегімен электр тогының соғу қаупін төмендетеді.

Электр тогының ықтимал соғуын болдырмау үшін тоңазытқыш жерге қосылуға тиіс.

Жерге қосу шанышқысын дұрыс пайдаланбау электр тогының соғуын туғызуы мүмкін. Егер Сіз жерге қосу жөніндегі нұсқауды толық түсінбесеңіз немесе прибордың жерге дұрыс қосылғанына күмәнданатын болсаңыз, білікті электрикпен немесе қызмет көрсететін маманмен кеңесіңіз.

“ҚАУІПТІ ЕЛІКТІРГІШ”

Бос тоңазытқыш балалар үшін қауіпті болуы мүмкін. Пайдаланылмайтын тоңазытқыштың төсеніштерін, ысырмаларын және қақпақтарын немесе барлық есікшелерін шығарып алыңыз немесе балалар үшін қауіптілікті болдырмайтындей басқа шараларды қолданыңыз.

Тоңазытқыш жерге қосылуға тиіс

**КҮТПЕҢІЗ! МҰНЫ ҚАЗІР
ЖАСАҢЫЗ!**

**ЕШҚАШАН ЖАРЫЛҒЫШ ЖӘНЕ
ХИМИЯЛЫҚ ЗАТТАРДЫ САҚТАМАҢЫЗ.**

СЕРВИС ОРТАЛЫҒЫНА ӨТІНІШ ЖАСАМАС БҰРЫН

КӨБІНЕСЕ, СЕРВИС ОРТАЛЫҒЫНА ӨТІНІШ ЖАСАМАУҒА ДА БОЛАДЫ!
ЕГЕР СІЗ ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ ДҰРЫС ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙТІНІН БАЙҚАСАҢЫЗ,
АЛДЫМЕН КЕЛЕСІ СЕБЕПТЕРДІ ТЕКСЕРІҢІЗ

ҚИЫНДЫҚТАР	ЫҚТИМАЛ СЕБЕПТЕРІ
ТОҢАЗЫТҚЫШ ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙДІ	<ul style="list-style-type: none">• Балқымалы сақтандырғыш балқып кеткен жоқ па немесе автоматты ажыратқыш ток көзінен бөлініп қалған жоқ па?• Қабырғадағы электр розеткасынан ток көзіне қосу сымның шанышқысы суырылып қалған ба? Электр розеткасына қосқыш шанышқы тығыз тығылған ба?
ТОҢАЗЫТҚЫШ НЕМЕСЕ МҰЗДАТҚЫШ КАМЕРАДАҒЫ ТЕМПЕРАТУРА ӨТЕ ЖОҒАРЫ	<ul style="list-style-type: none">• Температура реттегіші дұрыс жағдайға орнатылмаған.• Тоңазытқыш қабырғаға немесе жылу көзіне жақын орнатылмаған.• Ауа райы жылы болғанда есікше жиі ашылады.• Есікше тығыз жабылмаған.• Есікше ұзақ уақыт ашық қалдырылған.• Тоңазытқышта тамақ өнімдері көп мөлшерде сақталады.
ҚАЛЫПСЫЗ ШУ(ЛАР)	<ul style="list-style-type: none">• Тоңазытқыш орнықсыз немесе тұрақсыз жерге орнатылған немесе орнату бұрандаларын реттеу қажет.• Тоңазытқыштың артына қажетсіз заттар қойылған.
ТОҢАЗЫТҚЫШТАҒЫ ИІС	<ul style="list-style-type: none">• Күшті иісі бар тамақ өнімдерін тығыз жауып орау қажет.• Ішкі бетін жуу қажет.
ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ БЕТІНДЕГІ КОНДЕНСАЦИЯ	<ul style="list-style-type: none">• Жоғары ылғалдылық кезеңдегі қалыпты жағдай.• Есікше шамалы ашық қалған. .



LG Electronics Inc.

